

Телекоммуникациялар көрсететін әмбебап қызметтерді қоспағанда, қызметтердің осы түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық тиімсіздігі себебінен бәсекелес байланыс операторы болмаған кезде телекоммуникациялар саласындағы, сондай-ақ телекоммуникациялар желілерін ортақ пайдаланудағы телекоммуникациялар желісіне қосуға технологиялық жағынан байланысты кәбілдік кәріздер мен өзге де негізгі құралдарды мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру саласындағы реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 7 шілдедегі N 214-ОД Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 29 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3761. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 17 мамырдағы № 164-НҚ Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010.05.17 № 164-НҚ Бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 3) тармақшасына, 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 18-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Телекоммуникациялар көрсететін әмбебап қызметтерді қоспағанда, қызметтердің осы түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық тиімсіздігі себебінен бәсекелес байланыс операторы болмаған кезде телекоммуникациялар саласындағы, сондай-ақ телекоммуникация желілерін ортақ пайдаланудағы телекоммуникация желісіне қосуға технологиялық жағынан байланысты кәбілдік кәріздер мен өзге де негізгі құралдарды мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру саласындағы реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Телекоммуникация және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау

департаменті (Е.Ш. Әлиев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О.Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны бұқаралық ақпарат құралдарында заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының, "Қазақтелеком" және "Транстелеком", "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.П.Нефедовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

К е л і с і л г е н
Қазақстан Республикасының
Ақпараттандыру және байланыс
агенттігінің төрағасы

2005 жылғы 21 шілде

Қазақстан Республикасы Табиғи
монополияларды реттеу агенттігі
төрағасының 2005 жылғы
7 шілдеде N 214-ОД бұйрығымен
бекітілген

Телекоммуникациялар көрсететін әмбебап қызметтерді қоспағанда, қызметтердің осы түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық тиімсіздігі себебінен бәсекелес байланыс операторы болмаған кезде телекоммуникациялар саласындағы, сондай-ақ телекоммуникациялар желілерін ортақ пайдаланудағы телекоммуникация желісіне қосуға технологиялық жағынан байланысты кәбілдік кәріздер мен өзге де негізгі

құралдарды мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру саласындағы реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Телекоммуникациялар көрсететін әмбебап қызметтерді қоспағанда, қызметтердің осы түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық тиімсіздігі себебінен бәсекелес байланыс операторы болмаған кезде телекоммуникация саласындағы, сондай-ақ телекоммуникациялар желілерін ортақ пайдаланудағы телекоммуникациялар желісіне қосуға технологиялық жағынан байланысты кәбілдік кәріздер мен өзге де негізгі құралдарды мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Табиғи монополиялар туралы" және "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес ә з і р л е н д і .

Ереже табиғи монополиялар субъектісі (бұдан әрі - Субъект) телекоммуникациялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) (бұдан әрі - телекоммуникациялар қызметтері) тұтынушылардың тең қол жеткізуін қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары мен тәртібін айқындайды.

2. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуге тең жағдайлар барлық тұтынушылардың осы қызметтерге кемсітпеушіліксіз қол жеткізуін білдіреді.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

байланыс операторы - Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен байланыс қызметтерін ұсынуға арналған лицензияны алған жеке немесе заңды тұлға;

тұтынушы - Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген байланыс операторының телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын байланыс операторы;

телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтері телекоммуникациялар көрсететін әмбебап қызметтерді қоспағанда, қызметтердің осы түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық тиімсіздігі себебінен бәсекелес байланыс операторы болмаған кездегі телекоммуникациялардың қызметтері, және телекоммуникациялар желілерін

ортақ пайдаланудағы телекоммуникациялар желісіне қосуға технологиялық жағынан байланысты кәбілдік кәріздер мен өзге де негізгі құралдарды мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру жөніндегі қызметтер;

уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган немесе белгіленген құзыретінің шегінде облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) а т қ а р у ш ы о р г а н .

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

4. Ереже телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен басымдықтарды ескере отырып ұсыну жағдайына қолданылмайды.

2. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуге тең жағдайлар берудің жалпы қағидаттары

5. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын қамтамасыз ету мынадай қағидаттарға сүйене отырып жүзеге асырылады:

1) осы Ереженің 3-бөлімінде айқындалған талаптар сақталған жағдайда барлық тұтынушылар үшін көрсетілетін қызметтерге тең қол жетімділік;

2) барлық тұтынушыларға қатысты бірыңғай тарифтік саясат жүргізу;

3) а қ п а р а т т ы қ а ш ы қ т ы қ :

телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тізбесі;
телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтері;
телекоммуникациялар желілеріне қосылатын стандартты нүктелері мен қосу талаптарының тізбесі.

3. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тең қол жеткізуді ұйымдастыру тәртібі

6. Барлық тұтынушыларға қосу жөнінде тең жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында, Субъекті тұтынушының жазбаша өтінішінің негізінде соңғысына қосудың стандартты нүктелері туралы жарияланған мәліметтерге сәйкес қосудың әрбір нақты жағдайына арналған техникалық талапты айқындайтын қосуға техникалық жағдай жасайды.

Тұтынушы қосу жөніндегі оның барлық талаптарын орындағаннан кейін Субъекті қосуға арналған шартқа қол қоюдан бас тарта алмайды.

7. Субъекті Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен бекітетін қосуға арналған үлгі шартына сәйкес тұтынушылармен шарт жасасады.

8. Барлық тұтынушыларға телефон трафигін (жергілікті, қалааралық, халықаралық және ұялы байланыс операторларынан/на) өткізу жөнінде тең жағдайлар беруді қамтамасыз ету мақсатында Субъекті:

1) желілерді қосуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарының кешенін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда ғана және тәртіппен ажыратып тастайды;

2) өзінің желісін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандарттар мен нормаларға сәйкес пайдаланады. Олар болмаған жағдайда, Халықаралық электрбайланыс-телекоммуникациялар секторы одағының стандарттары мен ұсынымдарын басшылыққа алады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен нөмірлері мен кодтары, теру қағидаттары өзгерген жағдайда барлық тұтынушыларды бір мезгілде хабардар етеді.

9. Жалпы пайдаланудағы телекоммуникация желісіне қосуға технологиялық байланысты кәбілдік арналар мен өзге де негізгі құралдарды жалға беру немесе пайдалану жөніндегі қызметтерге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында, Субъект Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі шартына сәйкес, әрбір тұтынушылармен олардың жазбаша өтінімі бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне немесе жиынтықты түрлеріне шарт жасасуға міндетті.

10. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтері үшін ақы төлеу уәкілетті орган белгілеген мөлшерден аспауға тиіс.